



Солтүстік Қазақстан облысы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 459 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда N 3529 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 184 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 08.07.2020 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 4-6) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
Әкімі*

Е. Сұлтанов

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2015 жылғы "25" қарашадағы
№ 459 қаулысымен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша осы Коммуналдық қызметтерді ұсыну қағидалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленген және коммуналдық қызмет көрсету тәртібін, шарттары мен коммуналдық қызмет көрсету ақысын (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет), сонымен қатар көрсетілетін қызметті берушілер және тұтынушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

2. Осы Ережелерде мынадай анықтамалар қолданылады:

коммуналдық қызмет көрсету - электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, канализациялау (бұдан былай - электрмен жабдықтау), сондай-ақ пәтерлерде, жеке тұрғын үйлердегі азаматтарға, сондай-ақ үй-жай маңайындағы, гараждар мұқтаждықтары үшін жекелеген кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтарға тұратын жерлері бойынша, кондоминиум объектілеріне қоқысты әкету және лифт бойынша қызмет көрсету;

қызмет көрсетуді беруші - электрмен жабдықтаумен, жылумен жабдықтаумен, сумен жабдықтаумен, канализациялаумен (бұдан былай - энергиямен жабдықтайтын ұйым) айналысатын заңды және жеке тұлға, сондай-ақ қоқысты әкету мен лифт бойынша қызмет көрсету, абоненттер мен кондоминиум объектілеріне қызмет көрсету - жылу және электр энергиясын жеткізу болып табылады;

қызмет көрсетуді беру тәртібі - көрсетілетін қызметтің әрбір тұрпаты үшін белгіленген міндетті нормалар жүйесі;

тұтынушы - коммуналдық қызметті пайдаланатын азамат немесе кондоминиум объектісі;

энергиямен жабдықтау - тұтынушыларға электр энергиясын, жылу энергиясын, су (бұдан былай - энергия) жеткізу және сату;

энергиямен жабдықтаушы ұйым - сатып алынған электр және (немесе) жылу энергиясын тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;

энергия беруші ұйым - энергия беруді және (немесе) бөлуді жүзеге асыратын ұйым;

энергия - электр және жылу энергиясы, электр рыногында тауар болып табылатын су.

3. Осы Қағидаларда айқындалмаған, тұтынушыларды энергиямен жабдықтау және қоқысты әкету және лифт қызметін көрсету бойынша көрсетілетін қызметпен байланысты мәселелер қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

2. Қызмет көрсетуді ұсыну тәртібі және шарттары

4. Көрсетілетін қызметті беру көрсетілетін қызметті беруші мен тұтынушы арасындағы жазбаша шарт (бұдан әрі - Шарт) негізінде жүргізіледі.

Тұтынушылар шарттар жасау бойынша өз құқықтарын заңнамада белгіленген тәртіппен пәтер иелері кооперативіне (бұдан әрі - ПИК) немесе басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы.

Шарт қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнама және осы Қағидаға талаптарына қайшы келуі мүмкін емес.

Шарт айқын емес мерзімге жасалған деп есептеледі (егер тараптардың келісімімен басқаша көзделмесе) және осы Қағидалардың 29 және 32-тармақтарында көзделген негіздемелер бойынша өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

5. Көрсетілетін қызметті берудің тұтынушылық сипаты мен режимі нормативтік-техникалық құжаттамалармен белгіленген талаптарға сәйкес болуы керек:

1) жылумен жабдықтау бойынша - тұрғын бөлмелердегі жылыту маусымы бойы тәуліктік ауа температурасын айқындайтын санитарлық нормаларға;

2) электрмен жабдықтау бойынша - жыл бойы тәуліктік қолданылып жүрген стандарттар бойынша электр энергиясының параметрлеріне;

3) суық және ыстық сумен жабдықтау бойынша жыл бойы тәуліктік берілетін судың құрамы, қасиеті мен ысытылу температурасы жөнінде гигиеналық талаптарға, сондай-ақ тарату нүктесіндегі судың есептелген шығынына;

4) су бұру бойынша - жыл бойы тәуліктік ағынды судың толық ағып кетуін қамтамасыз етуге;

5) лифтімен қызмет көрсету бойынша - жыл бойы тәуліктік немесе шарттың негізінде лифтіні қауіпсіз пайдалануға;

6) қоқыс шығару жөнінде - санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беретіндей қоқыстың толықтай шығарылуына сәйкес келуі тиіс.

6. Коммуналдық мақсаттағы негізгі қорлардың қуатын, құрамын, төзімділігін, климаттық және басқа да жергілікті жағдайлары ескеріле отырып көрсетілетін қызметті беру режимі мен тұтынудың кепілді деңгейі Шартпен белгіленеді.

7. Көрсетілетін қызметті беру режимінен мүмкін болған ауытқулар міндетті тәртіппен Шартта көзделуі тиіс.

3. Тараптардың жауапкершілігі

8. Көп қабатты құрылыстарда (қосу-тарату құрылғысы, кіреберісті, ауланы, нөмірлі шамдарды, жертөле және шатырларды жарықтандыруға арналған электр өткізгіші) жалпыүйлік мұқтаждықтағы электр қондырғыларының техникалық жағдайы, пайдалануы, техникалық қауіпсіздігі үшін кондоминиумнің объектісін басқару органдарына немесе тұтынушылардың уәкілетті тұлғаларына немесе тұрғын үйге иелік ұйымға жүктеледі. Жалпыүйлік коммерциялық есеп құралын сақтау және бүтіндігі үшін кондоминиум объектісін басқару органына немесе тұтынушының уәкілетті тұлғасына жүктеледі.

9. Жылу энергиясының, судың жалпы үйлік есепке алу құралдары қолданыстағы заңнамаға сәйкес кондоминиум объектісін басқару ұйымымен

немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымымен сатып алынуы және орнатылуы мүмкін.

10. Тұтынушы жеке есепке алу құралдарын өз бетімен сатып алуға және орнатуға құқылы. Мұндай тұтынушылар үшін Энергия беруші ұйымдардың (энергия жабдықтаушы) шығындарын өтеу шартқа сәйкес есептеу құралдарын орнату үшін ғана жүргізіледі.

Электр энергиясын есепке алу құралдары баспалдақтағы торларға, дәліздерде және жекеленген пәтерлерге орнатылуы мүмкін.

Есептеуіш құралдарына өту жолы еркін болуы тиіс.

Тұтынушы өзінің пәтерінде немесе жеке үйінде орнатылған есепке алу құралының сақталуына және бүтіндігіне жауап береді. Баспалдақтағы торларға тұтынушылардың (пәтер иелерінің) есепке алу құралдарын орнату кезіндегі олардың сақталуы мен бүтіндігі үшін қарамағына сол үй кіретін ПИК жауапкершілік арқалайды.

11. Тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы желілердің тиісті түрі үшін былайша айқындалады:

- 1) жылу - басқару торабының соңғы ысырмасының бөлу фланцы бойынша;
- 2) ыстық сумен жабдықтау - ыстық сумен жабдықтау жүйесінің соңғы ысырмасының бөлу фланцы бойынша;
- 3) суық сумен жабдықтау - басқару торабының соңғы ысырмасының бөлу фланцы бойынша;
- 4) су бұру - тұтынушы қосылатын жердегі құдық көшедегі кәріздік желі шекарасы болып табылады, ал ауладағы кәріз шекарасы - ғимараттан желіге қосылатын құдық;
- 5) электр энергиясы – әуе тармағы кезінде – ғимараттарда орнатқан бірінші изолятордағы жабдықтауыш желілеріндегі байланыс контактілерде, кабельді қосу кезінде – ғимаратқа қосылу жабдықтауыш кабельдің бұрандама байланыс ұштарында.

12. Міндеттемелер орындалмаса немесе орындалуы ойдағыдай болмай шықса, Шарт бойынша көрсетілетін қызметті беруші мен тұтынушы Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 9-бабының 4-тармағына сәйкес келтірілген нақты зиянның орнын толтыруы тиіс.

13. Энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушының алдында энергия жеткізуші параметрлерінің және форс-мажорлық жағдайлардан туындайтын энергияның жетіспеушілігі үшін тұтынушы алдында материалдық жауапкершілік алмайды.

4. Көрсетілген қызмет ақысын төлеу тәртібі

14. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес реттеуге жататын қызмет көрсету ақысын төлеу белгіленген тәртіппен уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

15. Тұтынушы төлемді есептік айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей немесе тұтынушы мен көрсетілетін қызметті беруші арасындағы келісім бойынша Шартта ескерілген мерзімде жасауы тиіс.

16. Төлем мерзімін өткізіп алған жағдайда тұтынушы заңнамамен немесе шартпен белгіленген тұрақсыздық айыппұлын төлейді.

17. Егер тұтынушы Электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғандығы үшін ажыратылған болса, онда энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым оны бұзушылық жойылғаннан кейін және қосылу қызметінің төлемі өтелгеннен кейін қосады.

18. Өнім беруші электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдары көрсеткіштерінің немесе Шарт талаптарына сәйкес тұтынудың басқа есебінің негізінде есептік кезеңнен кейінгі айдың 7-сі күнінен кешіктірмей тұтынушыға төлем құжатын жазып береді.

Тұтынушылар (электр энергиясын тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланатын тұтынушыны қоспағанда) төлем құжатын өнім берушіден өздері алады.

19. Коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу жабдықтаушының немесе энергия таратушы ұйымның өкілдерімен тұтынушы немесе оның өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

Электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткішін алу мүмкін болмаған жағдайда және егер тұтынушы бұл ретте пайдаланған электр энергиясы туралы өз бетімен мәлімет ұсынбаса, тұтынуды есептеу электр энергиясының алдыңғы кезеңдегі орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте электр энергиясының орташа тәуліктік шығыны бойынша есептеу кезеңі үш есептік кезеңнен аспауы тиіс, кезең аяқталғаннан кейін электр энергиясын беру тоқтатылады.

Тараптардың келісімі бойынша тұтынушы өздігінен электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алып, оларды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға тапсыруына болады. Тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу кезінде жіберген қателіктерін энергия беруші (энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым олардың анықталуы бойынша түзетеді.

20. Жабдықтаушының жіберген және тұтынушының қабылдаған энергиясының көлемі коммерциялық есепке алу құралының көрсеткішімен анықталады, ал тұтынушының кінәсіз (пломбаның бүтіндігі және есептеу құралының алдыңғы актіде көрсетілген орнатуы және аспаптық тексерісіне

сәйкес келген жағдайда) коммерциялық есепке алудың бұзылуы анықталған жағдайда, тұтырудың есебін энергия беруші ұйым алдыңғы немесе электр энергиясының қаржысы мен есепке алу схемасы түзетілген келесі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізеді. Есеп айырысу кезеңі бұзылу анықталған күннен бастап коммерциялық есепке алуды бұрынғы қалпына келтіру күніне дейінгі аралықты қамтиды, алайда ол мерзім күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспауы қажет.

Тұтынушы коммерциялық есепке алуды бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күндік мерзім ішінде қалпына келтіреді.

Бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң коммерциялық есепке алу қалпына келмеген жағдайда, есеп айырысу техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуат бойынша, ал техникалық шарттар болмаған жағдайда, тәулігіне 24 сағат пайдалануды ескеріп, қосу коммутациялық аппаратының номиналды тогы бойынша жүргізіледі.

21. Тұтынушының есептеу құралының қосылу сызбасына өзгеріс енгізгені, оның бүлінгені, пломбасының жұлынуы, дискінің жасанды тоқтатылуы және басқа бұзылушылықтар анықталған кезде немесе егер Тұтынушы энергияны қымқыру мақсатында жасырын сым өткізгенін немесе есептеу құралының көрсеткішін бұрмалайтын тетік орнатқанын энергиямен жабдықтаушы органның өкілдері бұрынғы баруларында табуға мүмкін болмаған жағдайда Тұтынушыға энергиямен жабдықтаушы ұйым белгіленген тәртіппен соңғы тексеру өткізілген сәттен бастап, алайда, энергияны пайдаланғаны үшін талаптың ескіру мерзімінен аспайтын қайта есептеуді жүргізеді.

Қайта есептеу:

1) жарықтандырғыш ток қабылдағыштардың қуаты және олардың пайдалану сағаттарының саны бойынша;

2) Тұтынушыда штепсельді розеткалар болған жағдайда (олардың санына қарамастан) – қуаты алты жүз (600) вольт бір розетканың тәулігіне жиырма төрт (24) сағат пайдалануы есебінен, ал қуаты алты жүз (600) вольттан артық жылыту құралдары немесе басқа электр жабдықтары табылған жағдайда - Тұтынушының пайдалануындағы электр жабдықтың оның нақты қуатының тәулігіне жиырма төрт (24) сағат пайдалануы есебінен жүргізіледі.

22. Өтініш берілген және растайтын құжатты (емдеу мекемесінен, жұмыс орнынан анықтама, санаторий жолдамасының түбіршегі, уақытша тұрған жері бойынша тіркелуі туралы анықтама, қонақ үйде тұрғаны үшін төлемі туралы түбіршек, және тағы басқа) ұсынған кезде пәтерде тұратын адамдардың (біреуінің немесе бірнешеуінің) уақытша кетуі, есептеу құралдары жоқ жағдайда бір адамға есептелінген қызмет көрсетулер үшін ақы төлеу олардың болмаған уақытына жүргізілмейді.

Төлемді қайта есептеуге әкеліп соққан барлық өзгерістер тұтынушының энергиямен жабдықтаушы ұйымға өтініш берген сәтінен бастап жүзеге асырылады.

23. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралын электр желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан тыс орнатқан жағдайда, электр желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын орнатқан жерге дейінгі учаскедегі электр энергиясының шығындары шарт негізінде теңгерімінде желінің көрсетілген учаскесі тұрған иегердің меншігіне жатқызылады және энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның есептік жолымен анықталады.

24. Есептеу құралдарын тараптардың пайдалану жауапкершілігінің бөліну шекарасынан тыс жерде орнатылуы кезінде, бөліну шекарасынан бастап есептеу құралдарын орнату орындарына дейін желі учаскесіндегі шығындар көрсетілген желі учаскесі баланста тұрған иесіне шарт негізінде жатқызылады.

25. Егер пәтер меншіктенушілердің жалпы жиналысында өзге шешім қабылдаған болмаса, лифтіні пайдаланғаны үшін төлем 1-ші және 2-ші қабаттағы тұрғындардан басқаларының бәрінен алынады.

26. Көрсетілетін қызметті беруші мен тұтынушы арасындағы төленбеген қарыздарға байланысты барлық даулы мәселелер сот арқылы шешіледі.

5. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

27. Тұтынушының:

1) оның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз, оның мүлкіне зиян келтірмейтін белгіленген сапада қызмет көрсетуді алуға;

2) қызмет көрсетулерге бағаларды (тарифтерді) бекіту тәртібі туралы осы көрсеткіштерді бақылауды жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органдардан ақпараттар алуға;

3) егер қызмет көрсетуші белгіленген тәртіппен есеп құралдарының бастапқы және ағымдағы көрсеткіштерін көрсетумен ұсынбаса, алған қызметі үшін төлем жасамауға;

4) қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген шығындар мен зияндарды толық өтеуді, сондай-ақ моральдық залалды толық өтеуді Көрсетілетін қызметті берушіден талап етуге;

5) Шартпен бекітілгеннен артық үзілістер уақыты үшін қызмет көрсетуге төлем жасамауға;

6) Энергиямен жабдықтаушы ұйымға талап қоюға және белгіленген нормалар мен стандарттарға (нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына) сәйкес

келмеген уақыттар кезеңіндегі (Шартта белгіленгеннен артық) қызмет көрсетулерге төлемеуге;

7) техникалық шарттар бойынша рұқсат етілген қуаттан асырмай қосылу үшін өзіне қажетті мөлшерде энергияны пайдалануға;

8) бір жақты тәртіппен шартты бұзуға, бұл туралы Энергиямен жабдықтаушы ұйымды хабардар еткен және пайдаланған энергияға толық өтемақы төлеген жағдайда құқығы бар.

28. Тұтынушы:

1) қызметтерді пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;

2) аварияларды жою, есептеу және бақылау құралдарын қарау үшін электр, жылу, сумен жабдықтау және кәріз қондырғыларымен жұмыс істеуге құқығы бар көрсетілетін қызмет берушілердің немесе арнайы кәсіпорындардың өкілдеріне мүмкіндікті қамтамасыз етуге;

3) белгіленген мерзімде ұсынылған қызмет көрсетулер мен энергияға дер кезінде ақы төлеуге;

4) пәтерден, жеке үйден кету кезінде пайдаланылған қызметтер үшін кететін күнге дейін есеп айырысуға міндетті.

29. Тұтынушыға:

1) көрсетілетін қызметті берушінің келісімінсіз пәтер ішіндегі желілерді, инженерлік жабдықтау мен құрылғыларды қайта жаратандыруға;

2) көрсетілетін қызметті берушінің келісімінсіз қуаты үйішілік желі мүмкіндіктерінен асып түсетін тұрмыстық электр құралдары мен машиналарды, үш фазалық ток қабылдағыштарды, жылу құралдарының қосымша секцияларын орнатуға, қосуға және пайдалануға, сондай-ақ пайдалану қауіпсіздігінің талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормативтерге сай келмейтін тұрмыстық құралдар мен жабдықтарды қосуға және пайдалануға;

3) энергия есебін жүргізудің қолда бар сызбасын бұзуға;

4) жабық жылумен жабдықтау жүйесі кезінде жылу жүйелерінде жылу тасымалдағыштарды тікелей мақсаттан тыс пайдалануға (жүйеден және жылыту құралдарынан су ағызу) тыйым салынады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің құқықтары мен міндеттері

30. Көрсетілетін қызметті беруші құқылы:

1) ұсынылған қызмет көрсетулер мен энергия үшін дер кезінде және толық көлемде төлем алуға;

2) энергияның жұмсалуды мен төленуіне бақылау жасауды жүзеге асыруға;

3) біржақты тәртіппен 30 күнтізбелік күннен кем емес мерзімде ескерту жасаған жағдайда, пайдаланылған энергияға тұтынушының төлем жасамауына байланысты Шартты тоқтата тұруға;

31. Көрсетілетін қызметті беруші міндетті:

1) тұтынушыға қызметтердің тарифі, төлем жағдайлары, қызмет көрсетуді берудің режимі, олардың тұтынушылық ерекшеліктері, сертификаттарының (сертификаттауға жататын қызметтерге қатысты) бар-жоғы туралы бұқаралық ақпараттың баспа және электронды құралдарында ақпарат беріп отыруға;

2) тұтынушымен қызметтер көрсетуді беруге арналған жеке шарт жасасуға; электрмен жабдықтау бойынша қызмет көрсету, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен энергиямен жабдықтау ұйымдары жүйелеріне қосылған қажетті құрал-жабдықтардың бар болған жағдайында жасалады;

3) тұтынушыға нормативтік-техникалық құжаттардың міндетті талаптары сапасы бойынша тиісті энергия мен қызметтер ұсынуға;

4) жеткізілген энергияның сапасы мен санына есеп жүргізу және бақылау жасауға, Шартта белгіленген мерзімдерінде тұтынушыға ұсынылатын қызметтер сапасы бұзылуының алдын алу және жою бойынша дер кезінде шаралар қабылдауға;

5) тұтынушы қызмет көрсету сапасының төмендегені туралы арыз берген күннен бастап үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру және қайта есептеуді орындау жөніндегі барлық шараларды қабылдауға;

6) тұтынушыға қызмет көрсетудің сапасы мен оларға төлем мөлшерінің өзгергені туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауға;

7) тұтынушыға ай сайын көрсетілген қызмет пен энергия үшін есепті есеп құралдарының бастапқы және ағымдағы көрсеткіштерін көрсетумен ұсынуға міндетті.

32. Көрсетілетін қызметті берушіге:

1) басқа тұтынушылардың міндеттемелерін орындамау себептері бойынша қызмет көрсетулерді алуда тұтынушыға қызмет көрсетуден бас тартуға немесе шектеуге;

2) шарттағыға қарағанда жоғарылатылған параметрмен босатылған энергияға тұтынушыдан қосымша ақы алуға;

3) ай сайынғы қызмет көрсету есебін берместен, тұтынушыдан төлем талап етуіне тыйым салынады.

7. Келіспеушіліктерді шешу тәртібі

33. Электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын салыстырып тексеру Қазақстан Республикасының өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде көрсетілген мерзімдерде салыстыру тексерісаралық интервалға сәйкес жүргізіледі. Мүдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша коммерциялық есепке алу құралдарын жоспардан тыс салыстырып тексеру жүргізіледі.

Жоспардан тыс салыстырып тексеру өткізгенде және коммерциялық есепке алу құралының жарамдылығын белгілеген жағдайда, салыстырып тексеру шығынын (оның ішінде алу және қондыру бойынша) жоспардан тыс тексеруге бастама болған тарап өтейді.

34. Егер салыстырып тексеру кезінде электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштері олардың дәлдік сыныбымен рұқсат етілетін кінараттан асып кетсе немесе электр энергиясын есептеу схемасында электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының дәлдігін бұрмалайтын бөгде элементтер табылса, онда жоспардан тыс салыстырып тексеру бойынша шығындарды электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының тұтынушысы өтейді.

35. Энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдар мен тұтынушы арасында есеп айырысу үшін электр энергиясын есепке алу электр желілерінің теңгерімдік тиесілігі шекарасында жүргізіледі.

8. Қорытынды ережелер

36. Осы Қағидаларды бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.